

Кел, балалар, оқылық!



Бал дәурен

№21 (340) 4 қараша 2015 жыл

Газет 2001 жылдан бастап шығады

Жаңалықтар.Хабарлар

Өнеге өрісі

“Сергектік” эстафеталық жарысы



Әйтеке би кентіндегі №249 мектеп-лицейде Қазақ хандығының 550 жылдығы және мұғалімдер мерекесіне орай білім қызметкерлері арасында аудандық “Сергектік” эстафеталық жарысының ақтық кезеңі өткізілді. Спорттың бұқаралығын арттыру, дене шынықтыру және спорт арқылы саламатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында өткізілген жарыстың ақтық кезеңіне 6 аймақтан жеңімпаз атанған №96, №190, №104, №103, №70, №249 мектеп-лицей командалары қатысты. Жарысқа қатысушы командалар допты алып өту, құрамдастырылған жүгіру, шығыршықты белге киіп алып жүгіру, кедергілерден өту, арқан тарту турлары бойынша бақтарын сынады. Жарысқа қатысушы аудан ұстаздары тек жұмыс барысында ғана емес, сонымен қатар, спорттық шараларда да белсенді

екендігін көрсетті. Аталған шараға 140 спортшы қатысты.

Қызықты да, тартысты өткен жарыстың нәтижесінде №249 мектеп-лицей командасы жеңімпаз атанса, жүлделі II, III орынды №70 мектеп командасы мен №96 мектеп командасы иеленді.

Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері аудандық білім бөлімі мен

білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің мақтау қағазы және арнайы кубоктарымен марапатталды. Жақсы дайындықпен келген командаларға алғыс хат табыс етілді. Жарыс алдағы уақытта да дәстүрлі түрде жалғасын таппақ.

Жанарыстан НҰРААН.
Әйтеке би кенті.



Қымбатты балалар!

“Бал дәурен” газетіне 2016 жылға жазылу басталды. Жазылу бағасы 6 айға 360 теңге.

Газетке «Қазпоштаның» жергілікті бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

“Бал дәурен” газетінің редакциясы.

Балғын шәкірт бақыты

Қазақ руханиятының шыңы ұлы ақын - Абай Құнанбайұлының туғанына 170 жыл толуына арналған “Абай мұрасы әлемдік руханият кеңестігінде” атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясы аясында өткен облыстың “Абай оқулары-2015” байқауына Ж.Шайжүнісов атындағы орта мектептің 9 “А” сынып оқушысы Қасенов Ілияс қатысып, жүлделі 3 орын иеленіп оралды. С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры Ә.Қуандықов талапты оқушы Ілиясқа оқуға түсуге жеңілдік сертификатын табыстады.

Ж.Шайжүнісов атындағы орта мектепте дарынды оқушыларды облыстық, республикалық сайыстарға дайындау үрдісі жақсы жолға қойылған. Осы орайда оқу ісінің меңгерушісі Габдулина Бақытжамал Жексенбайқызының басшылығымен жүйелі жұмыстар жүргізіліп отыр. Б.Жексенбайқызы шығармашылықпен жұмыс істейтін жас мұғалімдерге үнемі әдістемелік көмек көрсетіп, бағыт-бағдар беріп отырады.

Осындай тынымсыз еңбектің арқасында биылғы оқу жылындағы оқушылардың жетістіктері мектебіміздің абыройын асқақтатуда. Соның бір дәлелі шәкіртіміз Ілияс Қасеновтың қол жеткізген жеңісі. Ілияс 6-сыныптан бастап Абай Құнанбаевтің өлеңдерін жаттаған, көңіліне тоқыған. Қазіргі уақытта талапты оқушы Абай атамыздың 120 өлеңін, 1 поэмасын жатқа біледі. Сайыста Венгриядан, Қытайдан келген қонақтар төрелік етті. Дарынды оқушы Ілиясты “Қазақстан Өскемен” телеарнасынан көрсетті. “Дидар” газетінің тілшілері сұхбат алды.

Қасиетті қазақ топырағында туып-өскен, ұлылардың ұлысы, данышпан ақын Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында мектебіміздегі әдебиетшілердің атқарған жұмыстары нәтижесі осылайша көрініс табуда. Байқаудан



жүлделі оралған жас әдебиетші өзінің жүрекжарды сезімін былай жеткізді: “Бұл жеңіс мен үшін керемет қуаныш, баға жетпес байлық еді. Ұлы ақынның өнегелі өмірі, өсиет еткен ойлары жүрегімді нұрлы сезімге бөлеп, бала қиялымды қиырға талпындырып, күшжігер берді. Қазақ ақынының күллі адамзатқа ортақ ойшыл екенін түсініп, оның өз бабам екенін шексіз мақтаныш етемін. Мен шын мәнінде бақыттымын!” - деді. Сөйтіп, ұлы бабамыздың ғажайып әрі көркем, күн шуақты, даналыққа толы өлеңдері оқырман шәкірттерін кемеңгерлік кемесіне отырғызып, адамгершілік парасат мұхитына жүздірді. Абайы бар елдің мерейі үстем. Абай тұлғасы дараланған сайын қазақ та биіктей бермек. Сол шыңнан көз жазбау біздің парызымыз.

Л.СӘРСЕНБАЕВА,
Ж.Шайжүнісов орта мектебінің мұғалімі.

Оқушылар шығармалары

Ұстазыма

Ардақты да ақылды, зерек ойлы,
Ұстазымыз үйреткен армандауды.
Көңілі пәк бала мен бала болар,
Қалайша ойламасын ұстазымды.

Білім нәрін бойымызға дарытып,
Тәрбиедей тал бесікпен тербеткен.
Басымды ием ұстазымның алдында,
Ертемі кеш ерінбеген еңбектен.

Ұлы күштің иесі боп жаралған,
Шәкірттердің шабытынан нәр алған.
Өліппені таныттыңыз біздерге,

Алғаш білім негіз болып қаланған.

Ұстазыма таусылмайды жыр-
гастан,
Шәкіртіне жан жылуын таратқан.
Шын жүректен, ұстаз, қабал
алғыңыз,
Шәкіртіңіз Сағымбаев
Мақсаттан.

Мақсат САҒЫМБАЕВ,
№172 қазақ орта мектебінің 8 “А”
сынып оқушысы.

Туған жерім-байлығым!

Туған жерім қазынам,
Бар асылды сыйлаған.
Дүниенің ғажабы,
Бір өзіңнен табылған.

Қызылордам - байлығым,

Атқан бейне таң күліп.
Самғап дәйім биікке,
Жайнай берші мәңгілік.

Шолпан ӘБДІРАЗАҚОВА,
№172 қазақ орта мектебінің
2 “Б” сынып оқушысы.

“Оқы, талқыла, ұсын...”-кітап марафоны қорытындыланды

Қазақстан халқы үшін 2015 жыл аталып өтетін мерейтойларға толы жыл болды. Олар: ҚР Конституциясының қабылданғанына және Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы және Қазақ хандығының 550 жылдығы, ұлы ақын Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жылдығы.

Биыл “Бір ел - бір кітап” республикалық акциясын Ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша жыл кітабы ретінде, яғни 2015 жылы бүкіл

кітап марафоны наурыз айынан бастап №6, №7, №10, №23, №136, №144, №187, №235 мектептердің жоғары сынып оқушыларының қатысуымен өткізілді.

Акцияның мақсаты - ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарды отаншылдыққа әрі өнегелілікке тәрбиелеу. Сонымен қатар, акция қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға деген қызығушылығын әрі қарай жоғарылауына мүмкіндік



ел болып оқуға Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер, қазақ қаламгерлерінің ішінде алғашқылардың бірі болып тарихи романдар жазып, әлемге танымал болған жазушы Ілияс Есенберлиннің “Көшпенділер” трилогиясы таңдалды. Бұл таңдау классик жазушы, ғажайып сөз зергері Ілияс Есенберлиннің 100 жылдық мерей-

жасау.

Жыл бойы қала мектептерінің оқушыларымен бірге “Көшпенділер” кітабының тарихи беттерінен қазақ хандығы мен қазақ мемлекетінің бес ғасырлық тарихын талдап, олар трилогияның жарқын тарихи тұлғаларымен таныстырылды

16-қазан күні “БІР ЕЛ - БІР КІТАП”



тойының ЮНЕСКО аясында дүниежүзілік дәрежеде аталып өтуімен және жоғарыда аталған тарихи оқиғалармен тұспа-тұс келді.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы балалар әдебиеті бөлімінің ұйымдастыруымен жыл кітабы - І.Есенберлиннің “Көшпенділер” трилогиясы бойынша

акциясының қорытынды шарасында осы “Оқы, талқыла, ұсын...” атты кітап марафонына қатысқан жеңімпаздарға оқырмандарға марапаттар тапсырылды. Атап айтқанда: “Ең үздік ұйымдастырушы” номинациясымен №144 С.Әлжіков атындағы орта мектептің орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Шолпан Туреева, №23 Ж.Қизатов атындағы мектеп-лицейдің кітапха-



нашысы Тамара Когай, “Ең көп оқыған сынып” номинациясымен №144 С.Әлжіков атындағы орта мектептің 9 “А” сынып оқушылары, “Ең көп оқыған мектеп” номинациясымен №187 М.Шоқай атындағы қазақ орта мектебі/директоры Мұсабаева Айгүл Нәжімедиқызы/облыстық кітапхана өткізіп жүрген іс-шараларға қатысушы мектептердің алды. Мәдени шараларға белсене қатысып жүрген кітапханашыларды, мұғалімдерді атап өтетін болсақ, олар: Рахменова Жайна, Божкаева Гүлжайна, Қайықбаева Жадыра, Нұрманова Гүлназ, Рыстығұлова Анар, Қожарипова Айгүл,

байқызы, №144 С.Әлжіков атындағы қазақ орта мектебінің 9 “Ә” сынып оқушысы Ернұр Әділбекұлы, №136 Т.Жүргенов атындағы мектеп-лицейдің 9 “А” сынып оқушысы Жорабаева Арайлым.

Шара барысында шағын көріністер, І.Есенберлиннің шығармашылығына арналған бейне-ролик көрсетіліп, “Көшпенділер” кинофильмінен үзінділер көрсетілді.

“Ең үздік эссе” қорытындысы ҚР Журналистер Одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері Қызылорда қоғамдық телекомпаниясы инфор-



мациялық бағдарламасының бас редакторы Гүлнұр Бүркітбаева, “Ақмешіт Ақшамы” газетінің тілшілері, ҚР Қазақстан Журналистер Одағының мүшелері Раушан Сәдуава, Жеңіс Аймағанбетова, Гүлмира Ділдәбекова, Динара Маханованың пікір-рецензиялары бойынша тағайындалды.


Көшербаева Ханыгүл, Исакова Шамшагүл, Маханбетәлиев Асылбек т.б. “Кітапқұмар” номинациясымен №10 дарынды балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицей интернатының 11-сынып оқушысы Өмірзақ Нұрила марапатталды.

Ал “Ең үздік эссе” номинациясы - осы “Көшпенділер” романы туралы өз интеллектуалдық байлығын, аңғарымпаздығын, жарқын, тапқыр ойлылығын, сезінген-түйгенін жазған оқырмандар марапатталды. Олар: №23 Ж.Қизатов атындағы мектеп-лицейдің 11 “В” сынып оқушысы Расим Чекушин, №10 Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейдің 10-сынып оқушысы Қаракөз Тасқын-

А.КАРИБАЕВА,
Ә.Тәжібаев атындағы
облыстық кітапхана
балалар әдебиеті бөлімінің
менгерушісі



Суретті салған №82 мектептің оқушысы
Айдана ЖЕҢСІКБАЕВА



Суретті салған №82 мектептің оқушысы
Айбек ТОЛЫБАЕВ.
Арал ауданы.

Тілің - тірегің

“Тіл - тұнық ойдың кәусары”



Қазақ тілі мен әдебиет, орыс тілі және шет тілі пәні бірлестіктері сынып оқушыларының көмегімен “Тіл мереке-сінің” ашылу салтанатын өткізді. Іс-шара әнұранның орындалуымен ашылды. Мектеп директоры Б.Ибраев апталықтың ашылуымен құттықтады. 7-сынып оқушыларының орындауында “Қазақ биі” орындалды. Таширова Сәнияның дайындауымен оқушылар ақындардың тіл тақырыбындағы өлеңдерін үш тілде мәнерлеп оқыды. Атап айтқанда, Сәлімжан Ербол М.Мақатаевтың “Үш бақытым”, Арғынбек Нұрайлым М.Шахановтың “Төрт ана” өлеңдерін мәнерлеп оқыды. 11-сынып оқушысы Дүйсенова Аружан ағылшын тілінде сазды ән орындады. Жиынды 8 “Б” сынып оқушысы Өтегенов Нұртілеу “Қазақстаным алға!” әнімен қорытындылады.

Жиын соңында қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жетекшісі Ә.Сарина оқушыларды онкүндіктің жопарымен таныстырып өтіп, белсене қатысуға шақырды.

6-7-сыныптар арасында Сарина Әсемгүл мен Асанбаева Ғалияның ұйымдастыруымен “Елім менің” зияткерлік сайысы өтті. Мақсаты туған тілімізді құрметтей отырып, білімдерін шыңдау, жүйелі ойлау қабілеттерін арттыру. Сайыс шарты 6 бөлімнен тұрды. Сайысқа 6 оқушыдан құралған 4 топ қатысты. “Бәйге” кезеңі бойынша қазақ тілі пәнінен лексика, фонетика, морфология тараулары бойынша сұрақтарға жауап берді. “Өнер алда-қызыл тіл” кезеңі бойынша тіл, сөз, шешендік өнер тақырыбындағы мақал-мәтелдер сайысы өтті. “Тапқыр болсаң, шешіп көр” кезеңінде логикалық сұрақтар берілді. “Көп сөз-бір мағына” кезеңінде топтар тұрақты тіркестердің мағынасын ашты. “Адаспай тап” бөлімінде әріптерден сөз құрастырса, соңғы “Дыбысты дұрыс айт” кезеңінде берілген сөдегі дыбыстарды дұрыс айту тапсырылды. Топтар сайысқа қызу араласып, білімдерін ұштай алды. Сайыс қорытындысы бойынша “Бейбітшілік” тобы (6-сынып) I орын, “Келісім” тобы (7-сынып) II орын, “Тәуелсіздік” тобы (6-сынып) III орын алып, “Егеменді” тобы (7-сынып) Алғыс хатпен марапатталды.

Әлшоразова Роза мен Жүсіпова Жанаттың ұйымдастыруымен 10-сынып оқушылары арасында “Тілмен түйгенді тіспен шеше алмайсың” тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Іс-шара барысында оқушылар шешендік сөздерді оқып, талдау жасады. Қазақ шешендік өнерінің тарихы, кезеңдері туралы Жұбаназарова Ая, Бұқарбаева Аягөз Мөңке бидің шешендік сөзін оқып, өз заманында шешеннің болашаққа айтқан болжауына қазіргі уақытпен салыстыру жасады. Мұғалімдер қатысып, Қожбанова Айнұр апай оқушылардың тақырыпты жан-жақты ашқанын айтып өтті.

Айжарықова Әсия, Сарина Әсемгүл, Асылбекқызы Розаның ұйымдастыруымен жерлес ақынымыз, “Шабыт” Халықаралық шығармашылық фестивалінің лауреаты Толқын Қабылшамен кездесу кеші өтті. Ақынды қошеметпен сахнаға шақырып, мектеп директоры Бекзат Сағындықұлы оқушылармен таныстырып өтті. Толқын Қабылшаның өмір жолымен, шығармашылығымен слайдтар арқылы таныс болды. Ақынның жыр жолдарынан үзінділер оқылды. Мектебіміздің жас ақындары өз өлеңдерін оқып, ақыннан бата алды. Толқын ақын оқушылардың

сұрақтарына жауап беріп, өзіне жақын өлеңдерінен оқып берді. Оқушылар әсем ән салып, би биледі. Кеш соңында оқушылар ақыннан қолтаңба алып, естелікке суретке түсті.

Қожбанова Айнұр мен Таширова Сәнияның ұйымдастыруымен 8-9 сыныптар арасында “Ақыл көркі-тіл, тілдің көркі-сөз” интеллектуалды ойынын өткізді. Мақсаты дарынды оқушыларды анықтай отырып, алған білімдерін өмірде қолдану, шеберлігін арттыру. Еркін сөйлеу қабілеттерін ашу. Сайыс 4 бөлімнен тұрды. “Бәйге” бөлімінде 1ұпайлы сұрақтарға жауап берді, “Жорға” бөлімінде 50 ұпайлы жұмбақтардың шешімін тапты, “Дода” бөлімінде 10 ұпайлы мақалдардың жалғасын тапты, “Зерде” бөлімінде логикалық тапсырмалар орындалды. Оқу ісінің меңгерушісі Қойшыбаева Майра апай қатысып, оқушылардың белсенділігіне, тапқырлығына риза болды. Оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Көпберген Нұргүл мен Мылтықбаева Перизаттың ұйымдастыруымен 5-сыныптар арасында “Ана тілін құрметтейік” тақырыбында сайыс өтті. Мақсаты оқушылардың сөйлеу мәдениетін, ойын ашық айта алу қабілетін жақсарту. Сайыс 4 айналымнан тұрды. 1-айналым бойынша топтар тіл туралы 2 өлеңнен оқыды. 2-айналым бойынша “Тез ойла” әдісі бойынша “Қазақстан” сөзінен сөздер құрастырды. 3-айналым бойынша “Сен білесің бе?” әр топқа 4 сұрақтан қойылды. 4-айналым бойынша оқушылар мақалдардың жалғасын тапты. Ұстаздары 5-сынып оқушыларының тапқырлығына риза болып, алғысын айтты. Оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталып, 5 “Б” сыныбы - I орын, 5 “А” сыныбы - II орын, 5 “Ә” сыныбы - III орын иеленіп, 5 “В” сыныбы Алғыс хат алды.

Асанбаева Ғалия мен Мылтықбаева Перизаттың ұйымдастыруымен 5-11 сыныптар арасында “Кітап сыйла” акциясы өтті. Акцияға қатысушылар саны тектелмеді. Оқушылар өздері оқып танысқан кітаптарымен өзге оқырмандарды таныстырып, оқимын деген оқушыларға сыйға тартты. Осылайша оқушылар қызықты кітаптарымен алмасып, өзара ой бөлісті. Өз орталарынан ақындардың өлеңдерін оқыған оқушыларға жыр жолдарын оқытты. Оқыған кітаптарынан монологтар оқып, тамашалады. 5-сынып оқушылары диалогтардан көрініс қойды. Оқушылар оқыған кітаптарынан көрме жасалып, оқушылар өздеріне ұнаған кітаптарды таңдап алды.

Акцияның өту барысына қатысқан қазақ тілі пәні бірлестігінің жетекшісі Ә.Сарина оқушылардың белсене араласқанына рахмет айтып, барлық оқушыларды Алғыс хаттармен марапаттады.

Онкүндік іс-шараның жабылу салтанаты Қойшыбаева Майра, Көпберген Нұргүл мен Айжарықова Әсияның ұйымдастыруымен үш тілде өтті. Шара барысында ақындардың үш тілде өлеңдері оқылып, өзге ұлт өкілдерінің билері тамашаланды. “Тіл мереке-сі” онкүндігі аясында өткізілген іс-шараларға қатысқан оқушылар аталып өтіліп, марапатталды. Оқушыларға рахмет айтылды.

Айнұр ҚОЖБАНОВА,
№257 мектеп мұғалімі.
Тасбөгет кенті.

Жаңалықтар.Хабарлар

Отбасымызбен бірге оқимыз



Балаларды кітап оқуға тартуға әсер ететін ең маңызды әрі басты институт ол - отбасы. Балалардың кітап оқуға деген көзқарасы, олардың оқырмандық мәдениетінің артуы көп жағдайда ересектерден алған үлгіге байланысты.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімі отбасымен бірге оқуды ұйымдастыру, оқуға басшылық жасау, оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында жыл көлемінде түрлі мәдени шаралар ұйымдастыруда. Атап айтқанда: “Кітаптар қалашығына саяхат”, “Отбасын кітап даналығы нығайтады” атты ашық есік күні, “Отбасының қызығушылық әлемі” атты отбасы вернисажы, “Бір халық, бір ел, бір тағдыр” атты мереке, “Оқу - сиқырлы кілт” - атты отбасылық оқу күні.

Жуырда балалар әдебиеті бөлімі “Отбасын кітап даналығы нығайтады” айдарымен “Отбасымызбен бірге

оқимыз” атты отбасылық оқу өткізді. Отбасылық оқуға №23 Ж. Қизатов атындағы мектеп-лицейден Цупенковтар жанұясы, №233 Ж.Нұрсейітов атындағы орта мектептен Мұсаевтар, Ким, Жұмаділ, Ертай, Болатов, Козлов, Ален, Шора, Әбішев, Сүлейманов және Сафаровтар жанұялары қатысты. Шарада балалар мен ата-аналар өздері оқыған кітаптары жайлы ой бөлісті. Ата-аналар үшін “Тәрбие көзі - отбасы” атты көрмеге шолу жасалып, “Балаға кітап оқуға сүйіспеншілікті қалай дамытамыз” және “Оқырманды мәпелеп өсіреміз” атты жадынамалар таратылды, слайд-шоу көрсетіліп, биц-турнир ұйымдастырылды. Сонымен қатар, “Сөздің жалғасын тап”, “Ертегіні жалғастыр” атты ойындар және “Сиқырлы конверттер” атты әдеби-іздеу ойыны өткізіліп, мультфильмдер көрсетілді.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана.



Суретті салған №52 мектеп оқушысы
Перизат БЕКТҰРСЫН.
Жаңақорған ауданы.